

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З - Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қ

2014 жылдың 24 желтоқсаны

24 желтоқсанда KASE жеке инвесторлар арасындағы конкурс жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттады

Қазақстан қор биржасы (KASE) 2014 жылдың 24 желтоқсанында KASE акциялар нарығы мен деривативтер нарығында жеке инвесторлар арасында өткен конкурс (одан әрі – Конкурс) жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттады.

Қазақстан қор биржасында 2014 жылдың 01 қазанынан 12 желтоқсанына дейін өткізілген Конкурстар KASE 21 жылдығына арналды және Қазақстан Республикасындағы биржалық сауда-саттықты танымал етуге бағытталды.

Конкурс аясында KASE Индексінің айналымына жіберілген нақты сауда-саттық режимінде орындалу мерзімі үш және алты ай қор фьючерстерімен сауда-саттық мәмілелерін жасауы тиіс. Сонымен қатар, конкурстың акциялар нарығындағы әрбір қатысушысына KASE сауда-саттық жүйесінде кем дегенде екі сатып алу-сату мәмілесін, деривативтер нарығында – кем дегенде бес мәміле жасау қажет болатын.

Конкурсқа тоғыз брокерлік ұйымдардың клиенттері - KASE мүшелері болып табылатын 49 жеке инвестор қатысты. Конкурс өткізу кезінде қатысушылары 130 млн теңгеге 220 – дан астам мәміле жасады, ол KASE сауда-саттық жүйесінде сол кезеңде жасалаған, KASE Индексінің өкілеттік тізімі акцияларымен және қор фьючерстерімен жасалған мәмілелердің жалпы санынан 7,1 % құрады.

Жеке инвесторлар арасында өткен конкурс жеңімпаздары конкурс кезінде акциялармен жасаған мәмілелер қорытындысы бойынша максималды табыс алған үш қатысушы жеңімпаз деп танылды.

– I орын –Сәния Мұхаметбекқызы Қасаболатова, JAZZ CAPITAL" Брокерлік Үйі" АҚ;

– II орын –Бақыт Исаков, "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ;

– III орын –Клара Жетпісқызы Ермекова, "JAZZ CAPITAL" Брокерлік Үйі" АҚ.

Жеке инвесторлар арасында өткен конкурс жеңімпаздары конкурс кезінде қор фьючерстерімен жасаған мәмілелер қорытындысы бойынша максималды табыс алған үш қатысушы жеңімпаз деп танылды.

– I орын –Тамара Семеновна Макарова, "Фридом Финанс" АҚ;

– II орын –Нұрсұлтан Аппазұлы Акимкулов, "Фридом Финанс" АҚ;

– III орын –Люция Рафаиловна Гилязетдинова, "Фридом Финанс" АҚ.

KASE Конкурс жеңімпаздарын бағалы сыйлықтар – планшетті компьютермен, смартфондармен және музыкалық плеермен марапаттады.

"Ең белсенді брокерлік ұйым" номинациясы бойынша конкурсқа қатысуға ең көп қатысушы клиенттерді тратқаны үшін төмендегі брокерлі ұйымдар жеңімпаз болды:

– Акциялар нарығында жеке инвесторлар арасында өткен KASE конкурсында – "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ;

– Деривативтер нарығында жеке инвесторлар арасында өткен конкурста – "Фридом Финанс" АҚ.

Анықтама үшін

Отандық жеке инвесторлар арасында_Биржалық сауда-саттық, акциялар нарығы және деривативтер нарығын жүргізуге арналған KASE конкурстары. Аталмыш шарадан басқа, 2014 жылы KASE ақпараттық – білім беру жұмыстары аясында, әлеуетті және жұмыс істеп жүрген жеке инвесторлар үшін қор нарығы тақырыбы бойынша тегін білім беретін блиц-семинарлар өткізу арқылы, үшінші рет Қазақстан қор нарығының ашық есік күні өткізіліп отыр.

KASE Қазақстанда қаржы нарығына қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, шет елдік эмитенттермен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық жүргізілетін әмбебап алаң болып табылады.